33	Басқарушылық талдау	Пән ұйымдағы шаруашылық процестердің мәні мен басқарушылық талдауын жүйелі түсіну қалыптастыруға бағытталған. Пәннің мазмұны басқарушылық талдау әдістері мен көрсеткіштерін, қызмет тиімділігін бағалауды, нәтижелілікті арттыру резервтерін анықтауды және шешім қабылдауды ақпараттық қамтамасыз етуді қамтиды. Пәнді меңгеру нәтижесінде білім алушы әртүрлі меншік нысанындағы ұйымдардың қызметін талдап, басқарушылық шешімдерді негіздейді.	5					+							+			
34	Қаржы	Пән қаржының мәні, функциялары және экономикадағы қаржылық қатынастар жүйесі туралы тұтас түсінікті қалыптастыруға бағытталған. Пәннің мазмұны қаржы жүйесінің негізгі буындарын, мемлекеттік қаржыны, ұйымдар қаржысын, салық салуды, бюджет жүйесін, қаржы нарығын, экономиканың әртүрлі деңгейлеріндегі қаржы ресурстарын қалыптастыру, бөлу және пайдалану тетігін қамтиды. Пәнді меңгеру нәтижесінде білім алушы қаржылық көрсеткіштерді талдау арқылы қаржылық ақпаратты интерпретациялайды.	5				+								+			
35	Баға беру	Пән баға белгілеу теориясы мен әдістері туралы түсінік қалыптастыруға бағытталған. Пәннің мазмұны баға түрлерін, оларды есептеу әдістерін, баға саясатын қалыптастыру қағидаларын және заманауи тәсілдерді қамтиды. Пәнді меңгеру нәтижесін де білім алушы бағаларды есептеу құралдарын қолданады, баға шешімдерін талдайды және тиімді баға стратегиясын негіздейді.	5								+								
Бейіндеуші пәндер циклі Жоғары оқу орны компоненті / Таңдау компоненті																			
36	Экономикалық	Пән мемлекеттің экономикалық саясатының мәні,	5																+

	саясат	мақсаттары және құралдары туралы білім қалыптастыруға бағытталған. Пәннің мазмұны экономикалық саясаттың теориялық негіздерін, макроэкономикалық реттеуді, бюджет-салық, ақша-кредит саясатын, экономикаға мемлекеттік ықпал ету тетіктерін, қабылданатын шешімдердің тиімділігін бағалауды қамтиды. Пәнді меңгеру нәтижесінде білім алушы экономикалық саясатты талдайды және бағалайды, мемлекеттік реттеу құралдарын қолданады, қазіргі экономика жағдайында басқарушылық шешімдерді негіздейді.																	
37	Инновациялық менеджмент	Пән студенттерге инновациялық процестерді талдау және оларды корпоративтік ортада тиімді басқару қабілеттерін қалыптастыруға бағытталған. Пәннің мазмұны инновациялық менеджменттің негізгі аспектілерін, заманауи технологияларды, оның ішінде жасанды интеллектті, трендтерді талдауды, бизнес-процестерді оңтайландыруды, тәуекелдерді бағалауды қамтиды. Пәнді меңгеру нәтижесінде білім алушы инновациялық стратегияларды бағалау әдістерін қолданып, инновацияларды тиімді енгізеді.	5										+					
38	Экономикалық талдау	Пән ұйым қызметінің экономикалық процестері мен нәтижелерін кешенді зерттеу әдістері туралы білім жүйесін қалыптастыруға бағытталған. Пәннің мазмұны сандық және сапалық талдау тәсілдерін, қор қайтарымдылығын, еңбек өнімділігін, өнімнің өзіндік құны мен рентабельділігін зерттеу әдістемесін, сондай-ақ белгісіздік жағдайында негізгі қаржылық көрсеткіштерді болжауды қамтиды. Пәнді меңгеру нәтижесінде білім алушы түзету шараларын қабылдау үшін өндірістік факторлар мен бизнестің түпкілікті нәтижелері арасындағы өзара байланысты түсіндіреді (интерпретациялайды).	5					+							+			
39	1Скәсіпорын	Пән 1С: Кәсіпорын жүйесімен жұмыс істеу және оның есепті автоматтандырудағы рөлі туралы түсінік қалыптастыруға бағытталған. Пәннің мазмұны бухгалтерлік, қаржылық және қоймалық есеп негіздерін, деректерді өңдеу, есептілік қалыптастыру және бизнес-процестерді	5						+										

		оңтайландыру құралдарын қамтиды. Пәнді игеру нәтижесінде білім алушы 1С жүйесін тиімді есеп және басқару үшін қолданады.																		
40	Кәсіпорынның дағдарысқа қарсы саясаты	Пән қаржылық төлем қабілетсіздігінің алдын алу және ұйымның өміршеңдігін қалпына келтіру стратегияларын зерттеуге бағытталған. Пәннің мазмұны банкроттық ықтималдығын диагностикалау әдістерін (Альтман, Таффлер модельдері), қаржылық сауықтыру тетіктерін, қарызды қайта құрылымдауды, қысқарту жағдайында персоналды басқаруды және тарату процедураларының құқықтық аспектілерін қамтиды. Пәнді игеру нәтижесінде білім алушы компания қызметін тұрақтандыру жөнінде уақтылы шаралар қабылдау үшін дағдарыс құбылыстарының индикаторларын жүйелейді.	5												+					
41	Бизнесті жоспарлау және модельдеу	Пән бизнес-процестерді жоспарлау және модельдеу, олардың ұйымды басқарудағы рөлі туралы түсінік қалыптастыруға бағытталған. Пәннің мазмұны бизнес-процестерді талдау әдістерін, модельдеу құралдарын, басқару негіздерін, экономикалық есептеулер жүргізуді және тәуекелдерді бағалауды қамтиды. Пәнді меңгеру нәтижесінде білім алушы бизнес-процестерді тәуекелдерді ескере отырып оңтайландырады.	5												+					
42	Фирмалардың сыртқы экономикалық қызметі	Пән фирмалардың сыртқы экономикалық қызметінің қағидалары мен тәжірибесі туралы түсінік қалыптастыруға бағытталған. Пәннің мазмұны сыртқы сауда операцияларын ұйымдастыруды, келісімшарттарды дайындау мен рәсімдеуді, экспорт-импорт бағаларын анықтау әдістерін және тиімділікті бағалауды қамтиды. Пәнді меңгеру нәтижесінде білім алушы сыртқы сауда операцияларын жүзеге асыру әдістерін қолданады.	5																+	
43	Инвестициялық қызмет	Пән инвестициялық қызмет және оны нарықтық экономика жағдайында басқару әдістері туралы түсінік қалыптастыруға бағытталған. Пәннің мазмұны инвестициялық саясат қағидаларын, жобаларды талдау және бағалау әдістерін, сондай-ақ тәуекелдерді болжау үшін цифрлық технологиялар мен жасанды интеллектті қолдануды	5									+								

		қамтиды. Пәнді меңгеру нәтижесінде білім алушы заманауи инвестициялық талдау әдістерін қолданады.																
44	Объектілерді басқарудағы жасанды интеллект (Minor)	Пән техникалық және ақпараттық объектілерді талдау, модельдеу және басқару үшін жасанды интеллект әдістерін қолдану білімі мен дағдыларын қалыптастыруға бағытталған. Пәннің мазмұны басқару жүйелеріндегі жасанды интеллект әдістері мен алгоритмдерін, шешім қабылдаудың интеллектуалды әдістерін, деректерді өңдеу мен талдауды, машиналық оқыту мен интеллектуалды жүйелерді қолдануды қамтиды. Пәнді меңгеру нәтижесінде білім алушы объектілерді басқару жүйелерінде жасанды интеллект технологияларын қолданады.												+			+
45	Креативті экономика	Пән креативті экономика және оның заманауи салаларды дамытудағы рөлі туралы түсінік қалыптастыруға бағытталған. Пәннің мазмұны экономика мен мәдениет саласының өзара байланысын, креативті индустрияларды, мәдени дипломатия құралдарын және арт-кластерлерді дамытуды қамтиды. Пәнді игеру нәтижесінде білім алушы креативті индустрия көрсеткіштерін талдап, тиімді шешімдер қабылдауда қолданады.	5														+	+
46	Шағын және орта бизнесті ұйымдастыру	Пән шағын және орта бизнесті ұйымдастыру және кәсіпкерлік құзыреттерді қалыптастыруға бағытталған. Пәннің мазмұны кәсіпорынды құру кезеңдерін, бизнес-жоспарлауды, қаржыландыруды тартуды, тәуекелдерді және операциялық қызметті басқаруды, сондай-ақ нарықты талдауды қамтиды. Пәнді игеру нәтижесінде білім алушы бизнес перспективаларын бағалап, тиімді басқарушылық шешімдер қабылдайды.	5										+					
47	Компания құнын бағалау	Пән компанияның құнын бағалау мен басқарудың принциптері мен әдістері туралы білім жүйесін қалыптастыруға бағытталған. Пәннің мазмұны қаржылық талдаудың, құндылықты модельдеудің және ақша ағындарын болжаудың негізгі тәсілдерін қамтиды. Пәнді меңгеру нәтижесінде білім алушы компаниялардың құнын кіріс, салыстырмалы және шығынды тәсілдер мен бизнес тиімділігінің көрсеткіштерін қолдана отырып бағалайды.	5							+	+							

48	Еңбекті жоспарлау, нормалау және оған ақы төлеу	Пән кәсіпорындарда еңбекті ұйымдастыру, нормалау және еңбекақы төлеу туралы түсінік қалыптастыруға бағытталған. Пәннің мазмұны еңбек ресурстарының тиімділігін бағалау әдістерін, өнімділікті арттыру резервтерін анықтауды, ынталандыру жүйелерін және еңбекті басқарудың заманауи тәсілдерін қамтиды. Пәнді меңгеру нәтижесінде білім алушы еңбек процестерін талдап, оларды жетілдіру бойынша шешімдер әзірлейді.	5							+								
49	Стратегиялық менеджмент	Пән студенттерге теориялық білімдерді және стратегиялық ойлау дағдыларын қолдануды үйретуге бағытталған. Пәннің мазмұны стратегиялық менеджменттің негізгі концепцияларын, ұйымның ішкі және сыртқы ортасын талдауды, стратегиялық талдау әдістерін, ұйымның стратегияларын қалыптастыруды, стратегиялық деңгейде басқарушылық шешімдер қабылдау құралдарын қамтиды. Пәнді меңгеру нәтижесінде білім алушы тиімді басқару үшін стратегияларды әзірлейді.	5															+
50	Шығындарды басқару	Пән ұйым шығындарының мәні және оларды басқару туралы түсінік қалыптастыруға бағытталған. Пәннің мазмұны шығындарды жіктеуді, есепке алу қағидаларын, талдау және оңтайландыру әдістерін, сондай-ақ бюджеттеу және қаржылық ағындарды болжау негіздерін қамтиды. Пәнді меңгеру нәтижесінде білім алушы шығындарды оңтайландырып, басқарушылық шешімдерді негіздейді.	5								+							
51	Сапаны басқару	Пән ұйым процестерін басқару арқылы өнімдер мен көрсетілетін қызметтердің бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етудің әдіснамалары туралы жүйелі білімді қалыптастыруға бағытталған. Пәннің мазмұны сапа менеджменті тұжырымдамаларының эволюциясын (TQM, Six Sigma, Lean), ISO 9000 сериялы халықаралық стандарттарды, бақылау және талдау құралдарын (Исикава диаграммасы, Шухарт карталары, Парето диаграммасы), сондай-ақ сапа менеджменті жүйелерінің аудитін қамтиды. Пәнді меңгеру нәтижесінде білім алушы бизнес-процестерді үздіксіз жетілдіру механизмдерін енгізу үшін стандарттардың талаптарын түсіндіреді.	5										+		+			

52	Жобаларды басқару	Пән ресурстық шектеулер жағдайында бірегей міндеттерді тиімді жоспарлау және іске асыру дағдыларын қалыптастыруға бағытталған. Пәннің мазмұны жобаның өмірлік циклін, басқару стандарттарын (PMBOK), икемді әдістемелерді (Agile, Scrum) және күнтізбелік жоспарлауды (Гант диаграммасы) қамтиды. Пәнді меңгеру нәтижесінде білім алушы берілген мерзімдер мен ресурстар шеңберінде қойылған мақсаттарға қол жеткізу үшін жобалық бастамаларды іске асыру кезеңдерін құрылымдайды.										+	+						
53	Басқарушылық экономика	Пән фирманы басқаруда экономикалық әдістерді қолдану туралы түсінік қалыптастыруға бағытталған. Пәннің мазмұны басқарушылық экономика ұғымдарын, сұраныс, шығындар мен пайда талдау әдістерін, баламалы шешімдерді бағалауды және тиімділікті арттыру құралдарын қамтиды. Пәнді меңгеру нәтижесінде білім алушы басқарушылық шешімдерді негіздеуде экономикалық әдістерді қолданады.	5					+					+						
54	Бағалы қағаздар және биржалық іс	Пән бағалы қағаздар нарығы және оның қызмет ету ерекшеліктері туралы түсінік қалыптастыруға бағытталған. Пәннің мазмұны қаржы құралдарының жіктелуін, биржалық операцияларды ұйымдастыруды, әртүрлі елдердегі қор нарықтарының ерекшеліктерін және олардың даму үрдістерін қамтиды. Пәнді меңгеру нәтижесінде білім алушы бағалы қағаздар нарығының құрылымы мен негізгі сегменттерін талдайды.	5								+				+				
55	Сандық экономика	Пән қоғамның цифрлануы туралы білім қалыптастыруға және цифрлық процестерді басқару үшін қажетті құзыреттерді дамытуға бағытталған. Пәннің мазмұны цифрлық қоғамның теориялық концепцияларын, цифрлық трансформацияның негізгі аспектілерін, мемлекеттік реттеуді, ақпараттық қоғамның жаһандану салдарын, цифрлық жобаларды басқару әдістерін қамтиды. Пәнді меңгеру нәтижесінде білім алушы цифрлық технологияларды тиімді қолдана отырып, басқаруда жүйелік тәсілді қолданады.	5						+										
56	Агроөнеркәсіп	Пән агроөнеркәсіптік кешен экономикасы және оның	5									+							

	кешенінің экономикасы	кәсіпорындарының нарық жағдайындағы қызмет ету ерекшеліктері туралы түсінік қалыптастыруға бағытталған. Пәннің мазмұны ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының қызмет негіздерін, АӨК дамуын және экономикалық көрсеткіштерді есептеу әдістерін қамтиды. Пәнді меңгеру нәтижесінде білім алушы экономикалық көрсеткіштерді талдап, кәсіпорын тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар әзірлейді.																			
57	Қала экономикасы	Пән қала экономикасы және оның бизнес пен қоғам дамуындағы рөлі туралы түсінік қалыптастыруға бағытталған. Пәннің мазмұны қалалардың функциялары мен кеңістіктік құрылымын, үшіншілік және төртіншілік секторлардың дамуын, Smart-city негіздерін және қалалық агломерациялар ерекшеліктерін қамтиды. Пәнді меңгеру нәтижесінде білім алушы қалалық процестерді талдап, олардың даму бағыттарын бағалайды.	5										+							
58	Өнеркәсіп экономикасы	Пән студенттерге әртүрлі экономикалық секторлардың өндірістік кәсіпорындарының құрылымы мен қызмет ету ерекшеліктері туралы білім беруге бағытталған. Пәннің мазмұны өндірістік процестердің экономикалық көрсеткіштерін есептеудің заманауи әдістерін, өндірістік операцияларды талдауды, басқару стратегияларын әзірлеуді қамтиды. Пәнді меңгеру нәтижесінде білім алушы өндірістік кәсіпорындардың өнімділігін арттыру және ресурстарын оңтайландыру үшін тиімді басқару әдістерін қолданады.	5										+							
59	Өңірлік даму экономикасы	Пән өңірлік даму және экономиканың аумақтық ұйымдастырылуы туралы түсінік қалыптастыруға бағытталған. Пәннің мазмұны өндіргіш күштердің орналасуын, өңірлердің даму факторларын, Қазақстан халқының қоныстану ерекшеліктерін және ерекше жағдайдағы аумақтарды қамтиды. Пәнді меңгеру нәтижесінде білім алушы өңірлердің қазіргі жағдайын талдап, олардың даму перспективаларын бағалайды.	5										+						+	
60	Еңбек нарығының экономикасы	Пән еңбек нарығының қызмет етуі және оның экономикадағы рөлі туралы түсінік қалыптастыруға бағытталған. Пәннің мазмұны еңбекке сұраныс пен	5					+												

		ұсыныстық, жұмыспен қамту мен жұмыссыздықты, жұмыс күшінің сапасы мен еңбек мобильділігін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының еңбек нарығын талдауды қамтиды. Пәнді меңгеру нәтижесінде білім алушы еңбек нарығы процестерін талдап, жұмыспен қамту шараларын әзірлейді.																	
61	Әлеуметтік сала экономикасы	Пән әлеуметтік сала экономикасының қызмет етуі мен дамуы туралы түсінік қалыптастыруға бағытталған. Пәннің мазмұны әлеуметтік-экономикалық процестерді талдауды, басқару, қаржыландыру және жоспарлау тетіктерін, салалардың даму басымдықтарын және әлеуметтік саясаттың тиімділігін бағалауды қамтиды. Пәнді игеру нәтижесінде білім алушы әлеуметтік саладағы процестерді талдап, оның тұрақтылығы мен тиімділігін арттыруға шешімдер ұсынады.	5									+						
62	Технология және инновация экономикасы	Пән технологиялар мен инновациялар экономикасы және олардың бизнесті дамытудағы рөлі туралы түсінік қалыптастыруға бағытталған. Пәннің мазмұны заманауи технологияларды енгізуді, инновациялық бизнес-модельдерді, өнім әзірлеу әдістерін, технологиялық дайындықты бағалауды, трансферт пен коммерцияландыруды, сондай-ақ жасанды интеллект қолдануды қамтиды. Пәнді меңгеру нәтижесінде білім алушы инновациялық процестерді талдап, шешімдерді оңтайландырады.	5								+							+
63	Экономикалық қауіпсіздік	Пән экономикалық қауіпсіздік және оны қамтамасыз ету тетіктері туралы түсінік қалыптастыруға бағытталған. Пәннің мазмұны ұйым және мемлекет деңгейіндегі қауіптер мен тәуекелдерді талдауды, тұрақтылықты бағалау құралдарын, сондай-ақ мемлекеттік экономикалық саясат ерекшеліктерін қамтиды. Пәнді меңгеру нәтижесінде білім алушы экономикалық қауіпсіздік факторларын талдап, оны қамтамасыз ету шараларын әзірлейді.	5											+				
64	Кәсіпорындардағы экономикалық тәуекелдер	Пән кәсіпорындардағы экономикалық тәуекелдер және оларды басқару әдістері туралы түсінік қалыптастыруға бағытталған. Пәннің мазмұны тәуекелдердің жіктелуін,	5											+				

		пайда болу көздері мен факторларын, оларды анықтау, бағалау және талдау әдістерін, сондай-ақ төмендету құралдарын қамтиды. Пәнді меңгеру нәтижесінде білім алушы экономикалық тәуекелдерді талдап, оларды азайту шараларын негіздейді.																
65	Электрондық үкімет	Пән электрондық үкіметтің жұмыс істеу қағидаттары және оның мемлекеттік саясат жүйесіндегі рөлі туралы білім қалыптастыруға бағытталған. Пәннің мазмұны электрондық үкіметтің негізгі ұғымдарын, Қазақстан Республикасындағы электрондық үкіметтің нормативтік-құқықтық базасын, сәйкестендіру құралдарын, мемлекеттік қызметтер порталдарын және электрондық үкіметтің жұмыс істеу технологияларын қамтиды. Пәнді меңгеру нәтижесінде білім алушы мемлекеттік процестердің тиімділігін арттыру және азаматтармен өзара іс-қимылды жетілдіру мақсатында электрондық үкімет технологияларын қолданады.	5						+									

8 Модуль шеңберінде оқытудың жоспарланған нәтижелерін бағалау технологияларымен және оқыту әдістерімен үйлестіру

Оқыту нәтижелерінің саны (ОН)	Модуль бойынша жоспарланған оқыту нәтижелері	Бағалау технологиялары (құралдары)	Оқыту және сабақ беру әдістері
ОН1	Заңнама аясында экономикалық, құқықтық және қаржылық құралдарды қолдана отырып, типтік кәсіби міндеттерді шешу үшін жүйелі білім мен практикалық дағдыларды көрсетеді.	Тестілеу, кейс-тапсырма, бақылау жұмысы, ситуациялық есептер, ауызша сұрақ-жауап, шағын жоба, жазбаша тапсырма, шешімдерді рецензиялау (бағалау), презентация, өзіндік жұмыс, іскерлік және рөлдік ойындар, пікірталас, жобалық қызмет.	Тест сұрақтары, кейстерді талдау, шағын жобаны қорғау, ситуациялық есептерді шешу, миға шабуыл, құқықтық немесе қаржылық тақырыптағы жазбаша тапсырма, типтік кәсіби шешімнің таныстырылымы, құқықтық және қаржылық құжаттармен практикалық сабақтар, типтік жағдайларды модельдеу, шағын топтардағы жұмыс, проблемалық оқыту, кәсіби жағдайларды талдау, семинар-пікірталастар, жобалық оқыту.
ОН2	Экономика ғылымы саласындағы жүйелі теориялық білім мен талдау	Тестілеу, бақылау жұмысы, ауызша сұрақ-жауап, практикалық	Лекция-пікірталастар, теориялық кейстерді талдау (кейс-стади), экономикалық есептерді шешу,

	дағдыларын меңгерген, шешімдерді негіздеу үшін ғылыми тәсілдер мен экономикалық құралдарды қолдануға қабілетті.	тапсырмалар, экономикалық кейс-есептер, рефераттар/эссе жазу, өзіндік жұмыс.	проблемалық оқыту, жеке шағын зерттеулер, семинарлар, ғылыми әдебиеттермен жұмыс.
ОН3	Кәсіби қызметте ақпаратты жинау, өңдеу және талдау үшін заманауи цифрлық технологияларды, автоматтандыру жүйелерін және жасанды интеллект құралдарын пайдаланады.	Цифрлық ортадағы практикалық тапсырмалар, ИТ-құралдары бойынша интерактивті квиздер (сұрақ-жауаптар), цифрлық платформалардағы тапсырмалардың орындалу есептері, ИТ-ортадағы шешімдерді рецензиялау, электрондық портфолионы бағалау, зертханалық жұмыстар, жобалық қызмет, тестілеу, бақылау жұмысы.	Цифрлық құралдармен және бағдарламалармен практикалық сабақтар, ЖИ-платформаларымен (ChatGPT, талдау боттары) жұмыс, ИТ-шешімдердің көмегімен бизнес-процестерді модельдеу, 1С/Excel-де тапсырмаларды орындау, «төңкерілген сынып» (flipped classroom) әдісі, цифрлық сауаттылық тренингтері, цифрлық жобаны қорғау, ЖИ/автоматтандыруды қолдана отырып шешімдерді таныстыру.
ОН4	Статистика, қаржы және есеп саласындағы білімді меңгерген, экономикалық шешімдерді талдау мен негіздеу үшін сандық әдістерді дербес қолдануға қабілетті.	Есептеулері бар бақылау және практикалық жұмыстар, кейс-тапсырма, тестілеу, жеке тапсырмалар, жобалық қызмет, есептеулері мен қорытындылары бар электрондық кестелерді тексеру, әдіснама бойынша ауызша сұрақ-жауап, қысқаша талдамалық есептер жазу, интерактивті тапсырмалар.	Есептеу-талдау есептерін шешу, қаржылық-статистикалық мәліметтермен кейс-әдісі, талдау есептері бар тесттер, практикалық сабақтар, жеке тапсырмалар мен жобаларды қорғау, кейстерді талдау, жеке шағын зерттеулер, бастапқы және екінші деңгейлі есептілікпен жұмыс, проблемалық оқыту, бухгалтерлік және қаржылық құжаттарды талдау, экономикалық жағдайларды модельдеу.
ОН5	Шығындар мен кірістерді есептеу, сақтандыру, лизингтік және инвестициялық жобалардың тиімділігін талдау, сондай-ақ қор нарығының құралдарын қолдану дағдыларын көрсетеді.	Жобалық қызмет, кейстерді орындау, практикалық тапсырмалар, іскерлік ойындар, тестілеу, бақылау жұмыстары, цифрлық платформаларды пайдалану, шешімдерді ауызша талдау, талдамалық анықтамаларды ұсыну, нұсқалар бойынша жеке есептеулер, есептері бар портфолио.	Жобаны қорғау, кейс-метод, есептер шығару, инвестициялық көрсеткіштерді есептеу (NPV, IRR, PI және т.б.), есептеу тапсырмалары бар тесттер, биржалық симуляторлармен және қор нарығының онлайн-платформаларымен жұмыс, инвестициялық шешімдерді модельдеу, жобалық оқыту, нақты қаржылық есептілікті талдау, бизнес-жоспарларды зерттеу, типтік жағдайларды үйрену, жобалардың топтық таныстырылымы.
ОН6	Экономика салаларының өсу әлеуетін бағалау үшін салалардың economic көрсеткіштерін, еңбек нарығының жай-күйін, жұмыспен қамту және	Сала бойынша талдамалық есеп жазу, жобалық қызмет, тестілеу, бақылау жұмысы, практикалық тапсырмалар, салалық кейстерді	Статистикалық мәліметтерді талдау, кейс-метод, салалық есептермен және болжамдармен жұмыс, жобаны қорғау, пікірталастар, жобалық оқыту, саланың немесе еңбек нарығының дамуын модельдеу,

	жұмыссыздық факторларын талдайды.	ауызша талдау, мәліметтерді визуализациялау және интерпретациялау (графиктер, кестелер), Excel-де тапсырмаларды орындау, презентация, себеп-салдарды талдау, салыстырмалы бағалау.	талдау тапсырмалары бар семинарлар, зерттеушілік шағын жобалар, ашық мәліметтер базасымен жұмыс (Ұлттық статистика бюросы және т.б.).
ОН7	Бизнес-жоспарлардың экономикалық бөлімдерін дербес әзірлеу, қаржылық-шаруашылық және өндірістік қызметті жоспарлау қабілетін көрсетеді.	Жобалық қызмет, қаржылық-шаруашылық қызмет бойынша есептеу тапсырмалары, бақылау жұмысы, жобаның таныстырылымы (презентация), практикалық тапсырмалар, топтық жобалар, өзін-өзі бағалау және өзара бағалау, портфолио, типтік қателерді талдай отырып ауызша сұрақ-жауап, ұйымдастырушылық-экономикалық жағдайларды модельдеу.	Жобаны қорғау, жобалық оқыту, кейс-метод, іскерлік ойындар, нақты бизнес-жоспарларды талдау, практикалық сабақтар, рентабельділік пен өтелімділікті бағалау, тестілеу, топтық жобаларды сарапшылық бағалау, тренинг, проблемалық оқыту, шешімдерді іздеуге арналған миға шабуыл.
ОН8	Тәуекелдерді азайту және тиімді шешімдер қабылдау үшін менеджмент, ішкі процестерді оңтайландыру және басқарушылық талдау бойынша теориялық білім мен дағдыларды қалыптастырады.	Жобалық қызмет, бақылау жұмыстары, тестілеу, кейс-тапсырма, ситуациялық есептер, іскерлік ойындар, ауызша сұрақ-жауап, эссе/реферат, бизнес-кейстерді талдау бойынша өзіндік жұмыс, пікірталас, презентация, есептеу-талдау тапсырмалары, коллоквиум.	Топтық және жеке жобаларды қорғау, кейс-метод, жобалық оқыту, бизнес-процестерді модельдеу, рөлдерді бөлісе отырып шағын топтарда жұмыс істеу, бизнес-процестерді талдау және оларды оңтайландыру, семинар-пікірталастар, проблемалық оқыту элементтері бар лекциялар, презентация дайындау, есептеу-талдау тапсырмасын тапсыру, миға шабуыл.
ОН9	Қаржылық-экономикалық есептілікті талдау әдістерін қолдану, компания құнын бағалау және салық есебінің мониторингін жүргізу дағдыларын көрсетеді.	Тестілеу, бақылау жұмысы, есептеу-графикалық тапсырма, жобалық қызмет, қаржылық есептілікті талдау, кейстерді шешу, ауызша сұрақ-жауап, Excel-де тапсырмаларды орындау, шағын зерттеу, іскерлік ойындар, көрсеткіштерді түсіндіру (интерпретациялау) бойынша өзіндік	Есептеу элементтері бар тесттер, есептеу есептерін шешу, жобаны қорғау, кейс-метод, Excel немесе мамандандырылған бағдарламалық жасақтаманы қолдана отырып практикалық сабақтар, қаржылық көрсеткіштерді модельдеу, нақты есептілікпен жұмыс, жағдайларды талдау, топтық жобалар, проблемалық оқыту, интерактивті семинарлар.

		жұмыс.	
ОН10	Экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз етуді ескере отырып, қалалар мен өңірлердің тұрақты даму факторларын бағалауға, институционалдық жүйелер мен тәуекелдерді түсінуге қабілетті.	Жобалық қызмет, талдамалық эссе, тестілеу, кейстерді талдау, іскерлік ойындар, бақылау жұмысы, презентация, жазбаша тапсырма, ауызша сұрақ-жауап, елдерді/өңірлерді салыстырмалы талдау, өзіндік жұмыс, пікірталас.	Жобаны қорғау, кейс-метод, тұрақты даму стратегияларын талдау, өңірлер мен қалалар бойынша мәліметтермен жұмыс, жобалық оқыту, әлеуметтік-экономикалық жүйелерді модельдеу, топтық талдау, есептермен жұмыс, талдау тапсырмалары бар семинарлар.
ОН11	Нарықтың ағымдағы конъюнктурасын ескере отырып, халықаралық бизнесті жүргізудин тиімді әдістерін пайдалану дағдыларын көрсетеді.	Жобалық қызмет, тестілеу, бақылау жұмысы, іскерлік ойындар, кейс талдау, презентация, жазбаша тапсырма, ауызша сұрақ-жауап, есептеу-графикалық жұмыс, шағын зерттеу, эссе.	Жобаны қорғау, тесттер, кейс-метод, талдау, жобалық оқыту, сыртқы экономикалық статистикамен және есептермен жұмыс, бизнес-ортаны модельдеу, SWOT-талдау, практикалық сабақтар, трендтерді талқылау, топтық сессиялар.
ОН12	Маркетингтік аспектілерді, дағдарысқа қарсы іс-шараларды және стратегиялық басқаруды ескере отырып, ұйымды оңтайлы дамыту үшін нақты болжамдар мен стратегияларды әзірлей біледі.	Практикалық тапсырмалар, презентация, тестілеу, бақылау жұмысы, кейстерді талдау, жазбаша тапсырма, ауызша сұрақ-жауап, шағын жоба, іскерлік ойындар, есептеу-талдау тапсырмалары, өзіндік жұмыс.	Ұйымның даму стратегиясын қорғау, кейс-метод, жобалық оқыту, SWOT және PEST-талдау, миға шабуыл, басқарушылық шешімдерді модельдеу, нарықтық ақпаратпен жұмыс, топтық жұмыс, проблемалық оқыту.
ОНЖББҚ1	Тарих, философия және әлеуметтік-саяси білім негізінде сыни ойлайтын, заманауи әлемде мобильді және физикалық тұрғыдан өзін-өзі жетілдіруге қабілетті тұлғаны қалыптастырады.	Эссе, реферат, коллоквиум, тестілеу, презентация, ауызша сұрақ-жауап, дөңгелек үстел, жобалық қызмет, пікірталас, рөлдік және іскерлік ойындар, өзіндік жұмыс, сыни рецензия, пәнаралық кейс-талдау.	Эссе жазу, кейс, түпнұсқа дереккөздермен және мәтіндермен жұмыс, проблемалық оқыту, жобаны қорғау, жағдайларды талдау, жобалар әдісі, еркін әңгімелесу (дебаттар, полемика).
ОН ЖББҚ2	Қазақ, орыс және шетел тілдерінде тұлғааралық, әлеуметтік және кәсіби қарым-қатынас жасауға қабілетті.	Ауызша әңгімелесу (сұхбат), презентация, рөлдік ойын, жазбаша тапсырмалар (эссе, хаттар, түйіндеме/резюме), грамматика мен лексика бойынша тестілеу, тыңдалымнан кейін қайталап айтып беру, ситуациялық тапсырмалар, диалог/рөлдік жағдай, жобалық жұмыс, түсіндірмелері бар аударма,	Әртүрлі тілдерде презентацияны қорғау, диалогтық және полилогтық жаттығулар, дебаттар, «аралас жұптар» әдісі (әртүрлі тілдер), интерактивті жаттығулар (интервью, келіссөздер), сторителлинг әдісі, презентацияларды бірлесіп құру, мәтіндерді талдау және аудару.

		дебаттарға қатысу, көптілді жобаны орындау, сөйлеу белсенділігін өзін-өзі бағалау, жазбаша аударма.	
ОН ЖББҚЗ	Ақпаратты іздеу, сақтау, өңдеу, қорғау және тарату бойынша ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың әртүрлі түрлерін меңгерген.	Практикалық тапсырмаларды орындау, тестілеу, цифрлық портфолионы бағалау, ақпаратты іздеу және оның шынайылығын (сенімділігін) бағалау дағдыларын тексеру, интерактивті квиздер (сұрақ-жауаптар).	АКТ құралдарымен практикалық сабақтар, бұлттық қоймалармен және офистік қосымшалармен жұмыс істеу, видео нұсқаулықтар арқылы оқыту, цифрлық тәуекелдер мен киберқауіпсіздікті талдау, тренингтер.

9 Кәсіби стандарттардың еңбек функцияларына білім беру бағдарламасының оқыту нәтижелерін сәйкестендіру (бар болған жағдайда)

Қолданылған кәсіби стандарттардың атауы	ҰБШ-ның 6 және/немесе 7 деңгейіндегі кәсіптер	Еңбек функциялары	Тапсырмалар	ББҚ бойынша оқыту нәтижелері
«Еңбек қатынастарын басқару» 05.12.2014 ж. №449	Еңбек қатынастары жөніндегі маман	Еңбек функциясы 1: Әлеуметтік-еңбек қатынастарын басқару жүйесін енгізу	Дағды 1: Әлеуметтік-еңбек қатынастарын басқару жүйесін енгізу практикасын талдау	ОН2 Әлеуметтік-еңбек процестері мен еңбек нарығы талаптарын ескере отырып, экономикалық талдау және деректер әдістерін қолдану арқылы ұйым қызметіне ішкі және сыртқы факторлардың әсерін талдай алады.
			Дағды 2: Еңбек шарттары, ұжымдық шарт және өзара қатынастарды реттейтін өзге де шарттар шеңберінде қабылданған міндеттемелердің сақталуын қамтамасыз ету	ОН9 Ұйым қызметін талдау, мониторингтеу және үйлестіруді жүзеге асырады, заманауи аналитикалық және басқарушылық құралдарды қолдана отырып, тиімділікті арттыру мен ұйымды дамытуға бағыттай алады.
			Дағды 3: Әлеуметтік-еңбек қатынастарын басқару рәсімдерін жетілдіру	

		Еңбек функциясы 2: Әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз ету	Дағды 1: Әлеуметтік-еңбек қатынастарының жай-күйіне мониторинг жүргізу	ОН8 Экономикалық қызметтің тәуекелдері мен қауіптерін, соның ішінде әлеуметтік-еңбек аспектілерін бағалайды және ұйымның тұрақтылығы мен әлеуметтік тұрақтылығын қамтамасыз ету бойынша шаралар әзірлей алады.
			Дағды 2: Еңбек дауларын, HR-тәуекелдерді реттеу, ескерту және алдын алу. HR тәуекелдерінің алдын алу және азайту	ОН10 Тұрақты даму факторларының, экологиялық және экономикалық тәуекелдердің экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге әсерін бағалай алады.
Жеке құзыреттерге қойылатын талаптар:		Жауапкершілік; Бизнесті түсіну; Ынтымақтастық және өзара іс-қимыл; Стратегиялық ойлау; Клиентке бағдарлау; Көшбасшылық		
«Ұйымдық дамыту және ұйымның еңбек ресурстарын жоспарлау», 05.12.2024 ж. №449	Еңбек ресурстары жөніндегі маман	Еңбек функциясы 1 Мақсатты ұйымдық құрылымды енгізу	Дағды 1: Еңбекті ұйымдастыруды талдау және ұйымдық құрылымды құру/өзгерту жобасына қатысу	ОН7 Ұйымның басқару құрылымын ескере отырып, ресурстарды тиімді пайдалану негізінде бизнес-жоспарлар мен экономикалық бөлімдерді әзірлей алады.
			Дағды 2: Ұйымдық құрылым элементтері арасындағы өзара әрекеттесуді қалыптастыру	
		Еңбек функциясы 2 Ұйымның адам ресурстарына деген қажеттілігін анықтау	Дағды 1: Ұйымның адам ресурстарымен ағымдағы қамтамасыз етілуін талдау	ОН4 Адам ресурстарына қажеттілікті ескере отырып, ұйым қызметін жоспарлау және басқарушылық шешімдерді негіздеу үшін экономикалық және статистикалық деректерді талдау әдістерін қолдана алады.
			Дағды 2: Ұйымның адам ресурстарына деген қажеттілігін анықтау	ОН9 Ұйым қызметін талдау, мониторингтеу және үйлестіруді жүзеге асырады, заманауи аналитикалық және басқарушылық құралдарды қолдана отырып, тиімділікті арттыру мен ұйымды дамытуға бағыттай алады.
Жеке құзыреттерге қойылатын талаптар:		Бизнесті түсіну; Ынтымақтастық және өзара іс-қимыл; Аналитикалық ойлау; Клиентке бағдарлау; Нәтижеге бағдарлану		

10 Түлектер моделі

<table>
<tr><td colspan="4">ТҮЛЕК МОДЕЛІ</td></tr>
<tr><td rowspan="4">Кәсіби стандарттар: «Еңбек қатынастарын басқару» және «Ұйымның ұйымдастырушылық дамуы және еңбек ресурстарын жоспарлау» (05.12.2024 ж. №449).
Салалық және өңірлік кәсіптер мен құзыреттер атласы: «Кәсіпорынды басқару тиімділігі жөніндегі менеджер», «Тау-кен кәсіпорындарының экономисі».</td><td colspan="3">Құзыреттіліктер (soft skills, digital skills)</td></tr>
<tr><td>Түлек атрибуттары</td><td>Білім</td><td>Іскерліктер</td></tr>
<tr><td>- Ұйымның әлеуметтік-еңбек көрсеткіштерін талдайды және кадрлық шешімдерді негіздейді;
- Ұйымдық даму және еңбек ресурстарын жоспарлау жобаларына қатысады;
- Кәсіби ақпаратты тиімді жеткізеді, HR-терминологияны және кәсіби әдеп нормаларын меңгерген;
- Деректермен және презентациялармен жұмыс істеу үшін АКТ мен арнайы HR-жүйелерді қолданады.</td><td>- Еңбек құқығы, еңбекақы төлеу және еңбекті қорғау бойынша нормативтік құқықтық актілер;
- Еңбек экономикасы, еңбекті нормалау және қызметкерлер санын есептеу әдістері;
- Қызметкерлерге жұмсалатын шығыстарды (ЕТҚ – еңбекақы төлеу қорын) жоспарлау, бюджеттеу және бақылау қағидаттары;
- Кадрлық іс қағаздарын жүргізу тәртібі;
- HR саласындағы жобалық басқару негіздері.</td><td>- Еңбек тиімділігінің көрсеткіштерін (өнімділік, тұрақсыздық, еңбек сыйымдылығы) есептеу және талдау;
- Ішкі еңбек тәртібінің ережелері, еңбекақы төлеу туралы ереже сияқты жергілікті нормативтік актілердің жобаларын әзірлеу;
- Персонал бойынша кестелер, графиктер, аналитикалық есептер мен презентациялар дайындау;
- Кадр ресурстарына деген қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді қажеттілікті анықтау;
- Жобалық HR-құжаттаманың элементтерін (мақсаттары, графиктер, бюджет) құрастыру.</td></tr>
<tr><td colspan="3">Кәсіби дағдылар (hard skills)</td></tr>
<tr><td colspan="3">- Еңбекақы төлеу қорын (ЕТҚ), персоналға жұмсалатын шығындарды, KPI және ынталандыру жүйелерін есептеу;
- Кадрлық деректерді (HR-метрикаларды) жинау, өңдеу және статистикалық талдау;
- Ұйымдық құрылымдарды, штаттық кестені және лауазымдық нұсқаулықтарды модельдеу;
- Ресурстарды басқару үшін жоспарлау құралдарын (SWOT, SMART) қолдану;
- Excel (жиынтық кестелер, формулалар) және PowerPoint бағдарламаларымен озық деңгейде жұмыс істеу;
- Мамандандырылған бағдарламаларда (1С:ЗУП / 1С:Кәсіпорын) жұмыс істеу;
- Еңбек қатынастары бойынша кадрлық құжаттарды, аналитикалық жазбалар мен анықтамаларды дайындау.</td></tr>
</table>

ТИПТІК ОҚУ ЖОСПАРЫ / ТИПИЧНЫЙ УЧЕБНЫЙ ПЛАН /TYPICAL CURRICULUM

6B04110 - Экономика 6B04110 - Экономика 6B04110 - Economy

Модульдің № / № модуля / Module №	Пәндердің № / № дисциплины / Discipline №	ОҚУ ПӘНДЕРІНІҢ АТАУЫ НАИМЕНОВАНИЕ УЧЕБНЫХ ДИСЦИПЛИН NAME OF TEACHING DISCIPLINES	Оқу пәндерінің циклы (міндетті компонент / таңдау компоненті) Цикл учебных дисциплин (обязательный компонент / компонент по выбору) Educational disciplines cycle (compulsory component / component of choice)	Оқу пәндерінің коды Код учебной дисциплины Educational discipline code	Семестр / semester	Кредиттер саны Количество кредитов Number of credits	Курстық жұмыс (жоба) Курсовая работа (проект) Course work (project)	Білім алушылардың жұмыс уақытының бюджеті сағатпен Бюджет рабочего времени (час) Budget of working time (hours)							Кафедра атауы / Наименование кафедры / Name of the department	Семестр бойынша бөлу Распределение по семестрам Distribution of semesters						Пән бойынша қорытынды бағалау (емтихан, дифференциалды сынақ, мемлекеттік емтихан, жоба және т.б.) / Форма итогового контроля по дисциплине (экзамен, дифференцированный зачет, государственный экзамен, проект и др) / Final assessment form for the discipline (exam, differentiated credit, state exam, project, etc.)	Пән бойынша қорытынды бағалаудың форматы (ауызша, жазбаша, тестілік, шығармашылық және т.б) / Форма проведения итогового контроля по дисциплине (устно, письменно, тест, творческий и т. д.) / The format of the final assessment for the discipline (orally, in writing, test, creative, etc.)
								Барлық сағат / Всего часов / Total hours	Аудиториялық жұмыс / Аудиторная работа / Class work				ОБӨЖ / СРОП / IWST	БАӨЖ / СРО / IWS		1 КУРС / YEAR		2 КУРС / YEAR		3 КУРС / YEAR			
									Барлық аудит. сағат Всего аудит. часов Total classroom hours	оның ішінде / в том числе / including						1 Академиялық кезең / Academic period	2 Академиялық кезең / Academic period	3 Академиялық кезең / Academic period	4 Академиялық кезең / Academic period	5 Академиялық кезең / Academic period	6 Академиялық кезең / Academic period		
										Д / ЛК / Lec	СПС / СПЗ / SPL	ЛС / ЛЗ / LC				Семестрдағы апталар саны / Неделя в семестре / Weeks in a semester		Семестрдағы апталар саны / Неделя в семестре / Weeks in a semester		Семестрдағы апталар саны / Неделя в семестре / Weeks in a semester			
																15	15	15	15	15	15		
																аптасына аудиториялық сағат / аудиторных часов в неделю / classroom		аптасына аудиториялық сағат / аудиторных часов в неделю / classroom		аптасына аудиториялық сағат / аудиторных часов в неделю / classroom			
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15	16	17	18	19	20	21	22	23	24
				/ /																			
	1	Қазақ (Орыс) тілі Казахский (Русский) язык Kazakh (Russian) Language	ЖБП (МК) ООД (ОК) GED (CS)	K(R)Ya 1105-26 (1) K(R)Ya 1105-26 (1) K(R)Ya 1105-26 (1)	1	5		150	45		45		15	90	Барлық кафедралар Все кафедры All chairs	0 + 3 + 0						Емтихан Экзамен Examination	Басқа Другое More
	2	Шетел тілі Иностранный язык Foreign Language	ЖБП (МК) ООД (ОК) GED (CS)	IYa 1104-26 (1) IYa 1104-26 (1) IYa 1104-26 (1)	1	5		150	45		45		15	90	Барлық кафедралар Все кафедры All chairs	0 + 3 + 0						Емтихан Экзамен Examination	Басқа Другое More
	3	Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар Информационно-коммуникационные технологии Information and Communication Technologies	ЖБП (МК) ООД (ОК) GED (CS)	IKT 1106-26 IKT 1106-26 IKT 1106-26	1	5		150	45	15		30	15	90	Барлық кафедралар Все кафедры All chairs	1 + 0 + 2						Емтихан Экзамен Examination	Басқа Другое More
	4	Дене шынықтыру Физическая культура Physical Culture	ЖБП (МК) ООД (ОК) GED (CS)	DSh-1107 (1) Fiz-1107 (1) PhT-1107 (1)	1	2		60	30		30			30	Жеңіл өнеркәсіп технологиясы және Дизайн Технология	0 + 2 + 0						Дифференциалдық сынақ Дифференцированный	Басқа Другое More
	5	Қазақстан тарихы История Казахстана History of Kazakhstan	ЖБП (МК) ООД (ОК) GED (CS)	IK 1101-26 IK 1101-26 IK 1101-26	2	5		150	45	30	15		15	90	Барлық кафедралар Все кафедры All chairs		2 + 1 + 0					Емтихан Экзамен Examination	Басқа Другое More
